



EGEMEN QAZAQSTAN

«Тарихымыз үшін табылған әр құжат алтынмен пара-пар»

Жақында республикалық «Шетел архивтері мен қорларындағы Ұлы даланың тарихына және мәдениетіне қатысты археографикалық жұмыстар» атты жоба шеңберінде ғалымдар мен архив қызметкерлерінің тобы Татарстан астанасындағы архивтер қорларында айға жуық жұмыс істеп оралды. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Ғалия Шотанова жетекшілік еткен топтың құрамында белгілі тарихшы, Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанмен бірге Қостанай облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және архивтер басқармасының архив жұмысы және әдістемесі бөлімінің басшысы Салтанат Ташанова да болған еді. Онымен біздің тілшіміз олжалы сапар туралы әңгіме өрбітті.



– Салтанат Нұртасқызы, жалпы біз әңгіме бастамай тұрып-ақ оқырманымыз сапар себебін сезгендей деп білемін. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жалғасы болып табылатын «Ұлы даланың жеті қыры» деген мақаласында қадау-қадау 6 жобаны жүзеге асыру керектігін нықтаған болатын. Елбасы айтқан жобаның бірі жеті жылға лайықталған «Архив – 2025» жобасы еді ғой. Бұл жұмыс қалай жалғасып келеді?

– Иә, сапардың түпкі себебі де, мақсаты да Елбасы мақаласынан туындайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мақаласында өзі жас ұрпақтың туған елге, ата-

бабамыз мұраға қалдырған кең-байтақ жерге деген патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатын қояды ғой. Ал «өзінің тегін, түп-тамырын, тарихын ұмытқан ұрпақ өзін болашақта ең басты құндылықтарымызға ие екенін сезіне ала ма, жоқ па?» деген сұрақ зиялы қоғамды ойландырады. Біздің тарихымызға байланысты көптеген дерек өзге елдердегі архив қорларында жатқаны белгілі. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлы «ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін» «Архив – 25» жобасының іске қосылуы қажеттігін айтқан болатын. Тарихымызды түгендеуде архивтік құжаттардың орны ерекше.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қорлары мен архивтер туралы» заңында да тарихи мұраларды Қазақстаннан тыс жерлердегі архивтерден қазып алып, оның көшірмесін елге әкелу ісіне басымдық берілген еді. Елбасы бұл туралы ойды «Тарих толқынындағы халық» кітабында да айтқаны белгілі. 2000 жылдардың басында тарихшылардың, архив мамандарының Иран, Үндістан, Түркия, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Германия, Мысыр және Өзбекстан елдеріне мемлекеттік деңгейдегі экспедиция ұйымдастырғаны белгілі. Көптеген құнды жәдігер Отанымызға қайтып оралды. Дегенмен барлық елдегі архив қорлары түгел қаралды, материалдар түгел келді деп айта алмаймыз. Жоғымызды түгендеу үшін тарихшылар мен архив қызметкерлерінің маңдай терін төгетін жұмыстары жеткілікті. Сондықтан «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан бастау алған бұл сапар бұрынғы жұмыстардың жалғасы һәм жаңғырығы деп білгеніміз абзал.

Соңғы екі жылда құрамында тарихшы ғалымдар және архив қызметкерлері бар ғылыми экспедициялар шетел архивтеріне белгілі жоба бойынша шығып келеді. Биыл экспедициялар Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор, Астрахань қалалары мен Түркия және Иранға барды. Жақында ғана бір экспедиция Венгриядан оралды. Олардың құрамына тарихшы ғалымдармен қатар Мемлекеттік және Ұлттық орталық архивтер қызметкерлері кірді. Тек Татарстанға барған осы экспедицияның құрамына өзінің өкілін қосуға өңірлер арасынан Қостанай мемлекеттік архивіне ғана мұрсат берді. Өйткені біздің Қостанай облысы Татарстан Республикасының мемлекеттік архивімен бұрыннан іскерлік, әріптестік қарым-қатынас орнатқан. Екіншіден, шекарадағы облыс болғандықтан Ресейдің іргелес облыстарымен қатар, Қазанмен де тарихи байланысымыздың ізі сайрап жатыр.

– Экспедициялық топ мүшелерін Қазан қаласындағы архивтерде қандай мәселелер бойынша құжаттар қызықтырды?

– Халқымыз бен мемлекеттің тарихы үшін кез келген қолға түскен тарихи құжат алтынмен пара-пар емес пе? Қазан қаласы XVII-XIX ғасырларда саяси, білім мен мәдениеттің ірі орталығы болды. Қазақ даласындағы білім беру, ағарту жұмыстарында және дін таратуда Қазан қаласының маңызы үлкен болғанын тарихтан білеміз. Бізді қазақ жеріне қатысты саяси-әлеуметтік, сауда-экономикалық, мәдени қарым-қатынастарының, дамуының және Ресей империясы дін саясатының тарихына қатысты құжаттар қызықтырды. Татарстанның архив қорларынан көп дүниемізді табарымызға сеніміміз зор болды. Біздің археографиялық экспедиция мүшелері 20 күн бойы Қазан қаласындағы архивтік қорлар мен кітапханада отырып, тарихи құжаттарды сүзгіден өткізгендей іздестірді. Жұмыстың алғашқы күндерін Татарстан Республикасының мемлекеттік архиві қорының және Қазан университетінің Лобачевский атындағы кітапханасындағы тарихи құжаттар каталогын қараудан бастадық.

– **Сонымен тапқан олжаларыңыз қандай?**

– Осынша күн көз майымызды тауысқанда олжамыз бар екендігін де қуана айтар едім. Барлығы 1700 бет болатын дүние әкелдік. Оның ішінде Татарстан мемлекеттік архивінің сақтау қорындағы 54 бірліктен, Қазан университетінің Лобачевский атындағы кітапханасының сирек қолжазбалар мен кітаптар қорынан 3 бірліктен тапқан 791 парақ құжаты тікелей өзімнің тауып әкелгенім. Тапқан құжаттарымыздың мазмұнына қатысты айтар болсақ, әрине қызықты материалдар бар. Мысалы, Қазан университетінің кітапханасындағы сирек қолжазбалар мен кітаптар қорынан II Екатерина патшайымның 1789 жылы қырғыз-қайсақ ордасының бодандыққа адалдығы үшін берген алғысын, II Екатерина патшайымның 1771 жылы 17 қаңтарда Нұралы ханға қалмақтардың наразылық бас көтеруіне жол бермеу туралы жазған хат-хабарламасын, 1829 жылдың 29 мамырында Орынбор генерал-губернаторының Жантөре Жәңгіров сұлтанға алғыс хатын таптық. Татарстанның мемлекеттік архивінен қазақ тарихына белгісіз құжаттар табылып, оның көшірмесі алынды. Мысалы, оның ішінде Алтын Орда ханы Махмудтың Осман империясының сұлтаны Фатих Мехмедке жазған хатын ерекше айтар едім. Онда ол хан тағына отырғанын хабарлап және керуен саудасын ретке келтіріп, тату көршілік қатынасты жалғастыруды ұсынады. Табылған құжаттардың маңызы олардың тарихи оқиғаларға, хандарымыз бен батырларымыз тарихына жанама айғақ, тарихи шындықты байыта түсетіндігінде деп білеміз. Тағы бір құжат біздің назарымызға бірден ілікті. 1-ші қорда Қазан губернаторының канцеляриясы: Қазан жандарм басқармасы бастығының жыл сайын қазақ даласына қазақ балаларының сауатын ашу үшін оларды оқытуға жіберілетін мұсылман медресесі тәрбиеленушілері

туралы хабары. Онда Қазан жандарм басқармасы бастығының татар балаларының қазақ тілінде оқуы және қазақ тіліндегі басылымдар туралы баяндаған жазбасы бар. Қазан оқу округінің қамқоршысы деген 92-ші қорда қызықты мәліметтер кездеседі. 1876 жылы 27 мамырда Орынбор гимназиясының пансионерлері қырғыздар (қазақтар) Алдияров пен Чуваковқа Қазан ветеринарлық институтында стипендия тағайындау туралы бұйрықтың қолжазба мәтіні сақталған. Сонымен қатар Астрахан әскери губернаторының қырғыз (қазақ) тұрғындарды салыстырмалы түрде гимназияға алу туралы жазған мәтіні бар екен. 1844 жылы 31 сәуірде Жәңгір хан Бөкеевтің мұсылман заңтану басылымын шығару жөніндегі өтінішін жеткізген хабарламасын да алдық.

– Өткен ғасырдың басында Қазан қаласындағы баспалардан қазақ ақындарының кітаптары шығып тұрғаны белгілі. Бұл орайда не кездесті?

– Иә, Қазан қаласының өткен ғасырларда халқымыз руханиятына, әдебиетіне әсер-ықпалы тигені рас. Қазан университетінің Лобачевский атындағы кітапханасының сирек қолжазбалар және кітаптар қорында қазақ халқының мақал-мәтелдерін, аңыздары мен әндерін, ертегілерін, қазақтардың салт-дәстүрлері, ритуалдық салттарын таптым. Оны уақытында жинатқан-ау деп ойладым. Әркімнің өткізгені байқалады. Бұрын зерттеушілер қараған болуы керек, араб графикасымен жазылған қолжазбалар орыс және татар тілдеріне аударылыпты. Оның біреуінде ғана 1878 жылы жазылғандығы бар, қалғандарында датасы қойылмаған. Сосын Міржақып Дулатовтың Уфа қаласында 1910 жылы басылып шыққан «Оян, қазақ!» кітабының аудармасы туралы статтық кеңесші Смирнов дегеннің баяндамасы, баспа ісі жөніндегі Қазан уақытша комитетінің мүшесі Н.Ф.Катановтың М.Дулатов кітабының зияны мен оған тыйым салу туралы жазбалары бүгінгі зерттеушілер үшін де, жалпы жұртшылық үшін де қызықты дүние деп ойлаймын. Бірақ табуын тапсам да, қаржыға байланысты құжаттар көшірмесін ала алмадық.

– Құжаттар қарауда, табуда және оның көшірмесін алуда белгілі бір қиындықтар болды ма?

– Қиындықтар болмай қалған жоқ. Алдымен архивтердегі біздің халқымыз тарихына қатысты ХІІІ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі материалдардың дені араб қарпімен жазылғандықтан, оған біздің тісіміз батпады. Біздің экспедиция мүшелерінің алдына тек бұрын табылмаған, көшірмесі алынбаған, беймәлім болып келген құжаттарды табу мен оның көшірмесін алу міндеті қойылды. Біз сапарға шығар алдында қолда не бар, не жоқ деген мәселені байыптап алғанбыз. Р.Сүлейменов атындағы Мемлекеттік

архивтер қоры, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтындағы Татарстаннан халқымыздың тарихы мен мәдениеті тарихына қатысты бұрын әкелінген материалдар талқыланды, тексерілді. Сонымен қатар «История Казахстана в зарубежных архивах (XVIII-XX вв.)» атты ақпараттық анықтаманың VI томында Татарстаннан әкелінген құжаттар тізімі берілген, оны да назарға алдық. Сондықтан алдымыздан шыққан материалдың барлығын бірдей шетінен ала берген жоқпыз.

– Үлкен іс бітіріп қайтқан екенсіздер. Енді әкелген құжаттардың алдағы жағдайы не болады?

– Келесі жылдан бастап әкелген құжат көшірмелері өңдеуден өтеді. Мемлекеттік комиссия барлығын қабылдап, болашақта цифрланған бір тізімге өтеді. Болашақта мемлекеттік және ұлттық архивтерден кез келген зерттеуші ешқайда шықпай-ақ, тарихи құжаттарды тауып пайдаланады. Тарихымыз солай түгендене береді.

Өңгімелескен **Нәзира ЖӘРІМБЕТ**